


НЗМ конференциясы
Нұр-Сұлтан, 24-25 қазан, 2019 жыл

**Қазақстанның Ауылдық
Мектептеріндегі Білім
Беру Сапасы Мәселелері**



**NAZARBAYEV
UNIVERSITY**



Д-р Мир Афзал
Қауымдастырылған профессор

Д-р Дүйшон Шаматов
Қауымдастырылған профессор

Мазмұны

- Қазақстандағы білім беру мазмұны және жалпы мәліметтер:
 - Қазақстан туралы фактілер;
 - Білім беру мазмұны;
 - Білім беру жүйесі;
 - Білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар;
- Ауылдық және қалалық мектептер арасындағы теңдік мәселелері;
- Зерттеу мақсаты;
- Зерттеу сұрақтары;
- Әдістеме;
- Алғашқы қорытындылар:
 - Сауалнама нәтижелері;
 - Сапалық нәтижелер;
- Қорытынды





NAZARBAYEV
UNIVERSITY

Қазақстан

KAZAKHSTAN

- National capital
- Oblast' capital
- Town, village
- Airport
- International boundary
- Main road
- Secondary road
- Railroad



© Nations Online Project



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

Қазақстан туралы фактілер

Аймақ	Орталық Азия
Тәуелсіздік	1991
Аумағы	2,724,900 шаршы шақырым
	(әлем елдерінің ішінде 9-орын алады)
Елдегі тұрғындар саны	18 Миллион
	Қалалар 10 524 652
	Ауылдар 7 721 156
Қазақтар	63.10%
Орыстар	23.70%
Басқа халықтар	Өзбектер 2.8%, Украиндар 2.1%
	Татарлар , 1.3%, Немістер 1.1%
Тілдері	Қазақ тілі, Орыс тілі, Ағылшын тілі,
Әкімшілік бірліктер	14 облыс, 3 республикалық маңызы бар қалалар

Білім Беру Мазмұны

Сауаттылық деңгейі	99.78%
Мектептер	7 511
Ауылдық	5 546
Қалалық	1965
Шағын ауылдық мектептер	2 904
Шағын қалалық мектептер	40
Оқушылар	27 99 585
Ауылдық	13 17 915
Қалалық	14 81 670
Мұғалімдер	3 34 205
Білім беруге ЖІӨ шығындары	2.98%



Білім Беру Жүйесі

Білім туралы Заң, 2007 ж., 12-бап:

- **Мектепке дейінгі білім және тәрбие;**
- **Бастауыш мектеп (1-4 сыныптар);**
- **Негізгі орта білім беру (5-9 сыныптар);**
- **Жалпы орта білім (10-11 сыныптар), техникалық және кәсіптік білім беруді (2-3 жылда училищелерде немесе кәсіптік лицейлерде);**
- **Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімді (3-4 жыл кәсіптік колледждер);**
- **Жоғары білім беру;**
- **Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру**



Білім Беру Жүйесінде Жүргізіліп Жатқан Реформалар

Дарынды және талантты
балалар үшін Қазақстанның
әрбір өңірінде 20
интеллектуалдық мектеп ашу

Назарбаев Университеті,
Назарбаев Зияткерлік
мектептері (НЗМ) және
Назарбаев қоры туралы
заң

НЗМ тәжірибесін жалпы білім
беретін мектептерде
жаңартылған оқу
бағдарламасы арқылы тарату

Білім беруді дамытудың
2011-2020 жылдарға
арналған мемлекеттік
бағдарламасы

Үш тілділік саясаты

STEM білім беру
жүйесін дамыту



Ауылдық және Қалалық Мектептер арасындағы Теңдік Мәселелері



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

<p>Bridges & Sagintayeva 2014; Yakovets & Dzhadrina 2014</p>	<p>Ауылдық мектептерде үлгерім мен жетістік көрсеткіштерінің төмендеуі;</p> <p>Мектеп инфрақұрылымының нашарлығы</p> <p>Білікті оқытушылар жетіспеушілігі</p>
<p>Yakovets, 2014</p>	<p>Оқушылар санының төмендеуі және оқудан шығу деңгейінің жоғарылауы</p>
<p>Winter et al. 20140</p>	<p>Ауыл оқушыларының ҰБТ-да нашар үлгерімі</p>
<p>Fimyar, Yakovets and Bridges 2014</p>	<p>Оқу орындарының және тасымалдау құралдарының жетіспеушілігі, тұрмыстық жағдайлардың төмендігі</p> <p>Интернетке шектеулі қолжетімділік</p>
<p>Frost et al., 2014</p>	<p>Ауыл мектептеріндегі директорлар мен мұғалімдердің жалақыларындағы айтарлықтай айырмашылықтар</p>
<p>Smagulova, 2011</p>	<p>Ауылдық мектептерде үш тілдік саясатының мәселелері</p> <p>Мұғалімдердің мектептер арасында біркелкі бөлінбеуі, жоғары білікті мұғалімдердің жағдайы төмен мектептерде жұмыс жасамауы, бірақ көбінесе дарынды оқушыларға арналған мектептерде жұмыс жасауы.</p>




Зерттеу Мақсаты

- мектеп басшыларының, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың көзқарасы, дауыстары, басымдықтары мен ұмтылыстарын көрсететін Қазақстанның ауылдық мектептеріндегі сапалы білім беру тұжырымдамасын зерттеу
- ауыл мектептеріндегі білім сапасына қол жеткізу үшін мүмкіндіктер, ресурстар мен қолдауды анықтау,
- мектептердің білім беру сапасына қол жеткізуіне кедергі болатын проблемаларды, мәселелер мен олқылықтарды анықтау және,
- ауыл мектептеріндегі білім сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.



Білім Сапасының Құрылымы

Зерттеуде ЮНЕСКО-ның «Білім сапасының негіздері» (2005) пайдаланылады, оған мыналар кіреді:





NAZARBAYEV
UNIVERSITY

Әдістеме

Мәліметтерді жинау әдістері	Мектеп саны	Қатысушылар саны	Жеке сұхбат саны	Фокус-топтағы сұхбаттар саны
Сауалнама	40 мектеп (Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстаннан 10 мектеп)	400 (Әр мектептен 10 қатысушы (40 мектеп): директорлар, мұғалімдер, әдістемелік бірлестік меңгерушілері, аудандық бөлімдердің қызметкерлері) және әр түрлі пән мұғалімдері		
Сапалық әдістер	16 (Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстанның әр аймағынан 04 мектеп)	64 + 288 Әр мектептен 3 адамнан (16 мектеп) 04 Білім және ғылым министрлігі қызметкерлері Аудандық бөлімдердің 12 қызметкері (әр аймақтан 3 адам)	64 48 жеке сұхбат, әр мектептен 3 (16 мектеп) Білім және ғылым министрлігі қызметкерлерімен 04 сұхбат Аудандық бөлім қызметкерлерімен 12 сұхбат	288 (16 мектептің әрқайсысынан (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) 3 фокус-топтық сұхбат: әр фокус-топтан 6 қатысушы)

Мектептерді Таңдаудағы Проблемалар

- БҒМ жоғары ресурстармен қамтамасыз етілген 40 мектепті анықтады
- Білім бөлімінің аймақтық департаменттері әңгімелесу үшін үлгілі мектеп ретінде дайындалған мектептерді таңдады
- Таңдалған мектептер ауыл мектептерінің деңгейіне сәйкес келмейді





NAZARBAYEV
UNIVERSITY

2018 Жылы Жиналған Мәліметтер

- 100-ге жуық қатысушы сауалнамаға жауап берді;
- Қызылорда және Түркістан облыстарынан 24 сұхбат

№	Сұхбат түрлері	Жалпы саны
1	Директор\оқу ісінің меңгерушісі	5
2	Аудандық білім бөлімі қызметкерлері	4
3	Әдістемелік бірлестік жетекшісі (мұғалім)	2
4	Фокус-тобы Мұғалімдер	5
5	Фокус-тобы Оқушылар	4
6	Фокус-тобы Ата-аналар	4
Жалпы саны:		24




Алғашқы Қорытындылар






Сауалнама Нәтижелері



Сауалнама Нәтижелері



- Мәктәптегі білім сапасын арттыру үшін жергілікті білім департаменттерінің қызметкерлері көрсеткен қолдау қаншалықты тиімді?
- Мәктәптегі білім сапасын арттыру үшін Білім және Ғылым Министрлігі көрсеткен қолдау қаншалықты тиімді?



Сапалық Нәтижелер



Мүдделі Тараптардың **Білікті** **Мұғалімдер** туралы Түсініктері

- Үздіксіз кәсіби даму;
- Оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану;
- Адал/ісіне берілген мұғалімдер;
- Оқушыларға деген тең әрі әділ қарым-қатынас;
- Жоғары білікті мұғалімдер мектептің күші ретінде

... мектепте жұмыс істейтін адам бұл жұмысты [оқытуды] ұнатуы керек, айтпесе ол жай ғана «сабақ береді». Мұнда отырған адамдар - шынымен берілген мұғалімдер (Фокус тобы: мұғалімдер).

Соңғы рет мұғалімдердің 30-40% біліктілікті арттырудың екі апталық курсына қатысты. Әрине, бұл оларға қажет. Мысалы, егер олар курстан бұрын қандай-да бір сұрақтар қойса, енді олар проблемаларды қалай шешуге болатынын біледі (Сұхбат: Директор)



Мүдделі Тараптардың **Үлгілі Оқушылар** туралы Түсініктері

- Мектеп оқушыларының жетістіктері білім беру сапасының, мұғалімдердің көрсеткіші ретінде;
- Олимпиада мен жарыстарға белсенді қатысу;
- Оқушылар көшбасшы ретінде

Мектеп оқушыларының арасында көшбасшылар көп. Мысалы, бүгін біз оларға мектепте өзін-өзі басқаруды үйретеміз. Олар президентті, министрліктің өкілдерін сайлайды. Олар бір-біріне позициялар ұсынады (Фокус тобы: мұғалімдер).

Ұстаздың жетістігі оның шәкірттерінің жетістігінде жатыр. Егер оқушылар байқаулар мен жарыстарда жеңіске жетсе, олар көп және нәтижелі жұмыс жасаса, онда мұғалім жетістікке жетеді (Сұхбат: Директор).



Мүдделі Тараптардың **Оқу Бағдарламаларының** Сапасы туралы Түсініктері

3. Оқу бағдарламасының сапасы:

- Жаңартылған оқу бағдарламасына оң көзқарас;
- Практикалық жаттығулар;
- Функционалдық сауаттылықты дамыту;
- Элективті пәндерді тереңдетіп оқыту;
- Жеке және топтық жұмыс

Біз өзіміз таңдағымыз келетін және болашақта қажет болатын пәндер бойынша білімімізді тереңдетуге көптеген мүмкіндіктеріміз бар. Біз қазірдің өзінде жоғары мектепте таңдалған пәндерді оқып жатырмыз (Фокус-топ: студенттер).

[Жаңартылған оқу бағдарламасының] артықшылықтарының бірі - функционалдық сауаттылықты дамыту. Мақсаты - балаларды өмірге бейімдеу, ақыл-ой белсенділігін дамыту және алған білімдерін тәжірибеде тиімді қолдануға үйрету (Фокус-топ: Мұғалімдер).



Мүдделі Тараптардың **Көшбасшылық/** **Менеджмент** Сапасы туралы Түсініктері

- Мықты мектеп басшылығы;
- Ұжымдық шешім қабылдау және мәселелерді шешу;
- Мұғалімдердің кәсіподағы;
- Мықты команда күш ретінде

Бұл біздің көшбасшылығымыздың арқасында [мектепте жақсы орта бар]. Мен 27 жыл жұмыс істеп, сегіз мектеп директорымен жұмыс жасадым. [Жақсы мектеп ортасы] бұл мұғалімдерді, оқушыларды және т.б. дұрыс ұйымдастыра білу. (фокус-топ: мұғалімдер).

Мұғалімдер командасы өте жақсы. Біз бір-бірімізді тыңдаймыз, басқалармен ынтымақтастық жасаймыз, содан кейін бәріміз бірге жұмыс жасаймыз. Қалай болғанда да, біз мектептің мәселелерін топта шешу үшін бір-бірімізбен ақылдасамыз (Сұхбат: Директор).



Мүдделі Тараптардың Ресурстардың Сапасы туралы Түсініктері

- Ғимараттарды жыл сайын жаңарту (мемлекеттік және жеке меншік серіктестік негізінде);
- Жаңа / қазіргі заманғы аудиториялар мен зертханалар;
- Оқу бөлмелері мен сыныптардың жетіспеуі;
- Мектептерде жуынатын бөлмелердің болмауы

Жыл сайын жиырма мектептің күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Тамыз айында барлық ғимараттар жаңа оқу жылына сынақтан өтті, бұл міндетті ... Биыл осы 20 мектепті жөндеуге жергілікті бюджеттен 28 млрд 472 мың теңге бөлінді (Сұхбат: Аудандық бөлім қызметкері).



Мүдделі Тараптардың **Ресурстардың Сапасы** туралы Түсініктері

- Оқулықтармен қамтамасыз ету;
- Оқу процесінде цифрландыру / технологияларды қолдану (интерактивті тақта, Kundelik.kz, Bilimland, Bilimbuk, т.б.);
- Интернетке қолжетімділік (бірақ тұрақсыз және баяу)

Қазір бізде барлық мектептерде компьютерлер, интерактивті тақталар мен компьютерлік сыныптар бар, содан кейін біздің ауданда жаңа модификациялық сыныптар жабдықталған. Бұл қазіргі уақытта он бір мектепте физика, биология, информатика және химия пәндерінен сабақ (сұхбат: аудандық бөлім қызметкері).

Мен бұл мектепке келгенде көптеген компьютерлер жұмыс істемеді. Мен оларды түзетуге, барлық жағдайды жасауға көмектескеннен кейін, олар [мұғалімдер] қазір Интернетпен жұмыс істеуде. Интернетті пайдаланып, олар барынша жұмыс істейді, күнделікті жұмыста барынша тырысады (Сұхбат: Директор).



1. Жаңартылған оқу бағдарламасына қатысты проблемалар:
 - Өзгерістер мен реформалардың жылдам қарқыны (ұзақ мерзімді процесс);
 - Жаңартылған оқулықтармен проблемалар (түсіну қиын, қателер);
 - Бағалаудың жаңа жүйесі

Біз реформаны бастаймыз, содан кейін оны толық түсінбейміз, немесе қаржыландыру тоқтатылса, ол [реформа] тоқтайды. Содан кейін екінші реформа пайда болады, және біз реформаларды жалғастыра алмаймыз (сұхбат: аудандық бөлім қызметкері).

Қазіргі проблема - мұғалімдердің бұл бағдарламаға толық дайын болмауы [жаңартылған оқу жоспары] ... Енді біз бұған жетуіміз керек. Мысалы, ... мұғалім бұл бағдарламаға біздің ауылдың деңгейінде бес жылдан кейін толық дайын болады ... Біздің мұғалімдер мен оқушылар бұған әлі дайын емес (Сұхбат: Директор).





2. Ресурстармен және қаржыландырумен байланысты проблемалар:

- Ресурстардың жетіспеуі (аудиториялар, оқулықтар, компьютерлер, кеңсе тауарлары, зертханалық ресурстар);
- Жергілікті бюджеттен қаражат жеткіліксіз

Мысалы, салықтар есебінен қалаларда ақша көп. Компьютерлік сыныптарға және сатып алынатын басқа мәселелерге қаржы аудандық, қалалық және облыстық бюджеттерден бөлінеді. Бізде ондай қаражат жоқ ... Округте ірі зауыттар, фермалар жоқ. Бұл жерде үлкен мәселе (сұхбат: аудандық бөлім қызметкері).

Кеңсе тауарларын біз бәріміз өзіміз сатып аламыз, өйткені біз студенттерге карталарды, диаграммаларды және т.б. қолдана отырып, материалды түсіндіруіміз керек ... Әр ай сайын балаларға таратуға, смайликтерге немесе сигналдық карточкаларға 20-30 мың теңге жұмсадық (сұхбат : Мұғалімдер).



- Жас мамандар сапасының төмендігі;
- Сыныптан тыс жұмыстарға шектеулі мүмкіндіктер;
- Ата-аналардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесінің төмендігі;

Біздің 74 мектептің жартысында бір немесе екі ақылы спорт клубтары бар. Мұғалім ақы алады және үнемі сабақтан тыс сабақтар өткізеді, өйткені оған бұл үшін ай сайын төленеді. Алайда мұндай клубтар аз (Сұхбат: Аудандық бөлім қызметкері).

Жас мамандардың жалпы сапасы өте төмен. Олардың біліктілігі жеткіліксіз, балаларды оқыту үшін білім жеткіліксіз. Біз оларды көмекші жүйелерге бағыттаймыз ... Кейде оларды сабақ барысында түзетуге тура келеді. Себебі оларда тақырыпты білу деңгейі төмен (Сұхбат: Директор).





NAZARBAYEV
UNIVERSITY

Ұсыныстар

- Ауыл мектептерін дамыту бағдарламасын әзірлеу;
- Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру (жоғары оқу орындарына қабылдау, дарынды жас мамандарды тарту, біліктілікті арттыру курстарының сапасы);
- Мұғалімдердің жағдайын жақсарту (жалақы, мәртебе, кеңсе заттарын қаржыландыру, сыйлықақы және т.б.)

Біріншіден, мұғалімдерге жағдай жасау керек деп ойлаймын. Жалақыны көтеріңіз, мұғалімнің беделін көтеріңіз ... Егер мұғалім риза болса, онда ол бар күш-жігері мен білімін балаға бағыттайды. Білім сапасы өте жоғары деңгейге көтеріледі деп ойлаймын (Сұхбат: Директор).



- Физикалық ортаны жаңарту (шкафтар, бассейндер мен шешінетін бөлмелер, техникалық құралдар, Интернетке тұрақты қол жетімділік);
- Сыныптан тыс жұмыстарды өткізу мүмкіндіктерін кеңейту (демеушілік, мемлекеттік-жеке серіктестік негізінде);
- Ата-аналармен жұмыс / курстар ұйымдастыру; Аудандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту

... Енді, егер бізде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы мемлекет тарапынан қаржыландырылатын сыныптан тыс мекемелер, клубтар болса, қаржысы бар кез келген адам біздің балалар қатысатын спорт мектебін аша алады (Сұхбат: Аудан қызметкері) Бөлімі).

Біріншіден, біз ата-аналармен неғұрлым тығыз жұмыс жасауымыз керек ... Оларды мектеп шараларына тарту, оларды мектеп сабағына қатыстыру ... (Сұхбат: Директор).

